

ЗА СТРОКОЮ ПОСЛАНИЯ...

На заседании кафедры русской филологии и мировой литературы прошло обсуждение Послания Президента РК Н. А. Назарбаева «Казахстан в новой глобальной реальности: рост, реформы, развитие».

Преподаватели кафедры в оживленной обстановке обсудили основные положения очередного Послания. Ученые согласились со справедливым утверждением Главы государства о том, что «за четверть века Казахстан состоялся и как суверенная национальная экономика, включенная в глобальные хозяйственные связи, и как государство, ставшее полноценным участником мировой семьи наций».

В ходе мероприятия были обсуждены пять направлений антикризисных и структурных преобразований, предложенных Лидером нации: стабилизация финансового сектора, оптимизация бюджетной политики, приватизация и стимулирование экономической конкуренции, основы новой инвестиционной политики, а также новая социальная политика.

Продолжение на 3 стр.

ӘЗ АҒАҒА АРНАЛҒАН КЕШ

Жуырда ҚазҰУ-дың ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аяғында халық жазушы Ә.Нұршайықов шығармаларын насихаттау және оның атындағы шәкіртақы жеңімпаздарын марапаттау мақсатымен айтулы мәдени шара өтті.

Бүгінде аты аңызға айналған Әзағаның шығармаларын әрбір жас оқуға тиіс. Сондықтан да оның кітабы ҚазҰУ студенттеріне арналған шығармалар қатарына енгізілген. Танымал жазушы Әзілхан Нұршайықов 80 жылдық тарихы бар осы кара шаңырақ әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да білім алып, болашақ қаламгерлік өміріне бастау алған еді. Ол өмірдің сан алуан қиындығын бастан кешсе де, өзі таңдаған сара жолдан таймады. Өмірінің ақырғы күніне дейін адамзатқа рухани азық сыйлап, ұрпақты ізеттілік пен сүйіспеншілікке баулып өткен Әзағаның шығармаларымен жастарды сусындату – бұл кештің басты мақсаты.

ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасы дәстүрлі түрде оқушылар мен студент жастар арасында Ұлы Отан соғысының ардагері, ҚР Халық жазушысы Ә. Нұршайықов атындағы республикалық «Адам және әлем» атты әдеби шығармашылық байқауын өткізіп келеді.

Жалғасы 8-бетте

ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қашанда заман көшімен алға қадам басып келеді. Білім беру мен ғылымды жетілдіру жолында ұжым көптеген жаңарту шараларын қолға алып, табыспен жүзеге асыруда. Ел білімі мен ғылымының дамуына өзіндік үлес қосып, қоғамдық қызметте белсенділігімен көзге түскен университет ғалымдарының еңбегі де елеусіз қалған емес. Кезекті ректорат отырысы осындай жарқын сәтпен бастау алды.

Еліміздің Тәуелсіздік күні қарсаңында Президент Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен бірқатар университет оқытушылары білім саласындағы елеулі еңбектері үшін мемлекеттік марапаттауларға лайықты деп танылды. Мемлекеттік Құрмет орденімен – плазма физикасы және компьютерлік физика кафедрасының меңгерушісі Юрий Вячеславович Архипов пен экономика кафедрасының профессоры Болат Минтайұлы Мұхамедиев марапатталды. Ал баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының меңгерушісі Гүлмира Серікбайқызы Сұлтанбаева мен дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының доценті Құнапина Қайыркен ҚР Құрмет грамотасына ие болды. Сондай-ақ отандық заңнама жүйесін, ғылымды және білім беру ісін дамытуға бағытталған белсенді қызметі үшін және Қазақстан Республикасының ұлттық мерекесі – Тәуелсіздік күніне орай Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Құрмет грамотасы Мемлекет және құқық институты директоры Арон Аманжолұлы Сәлімгерейге табысталды. Жиынды жүргізген бірінші проректор Мұхамбетқали Мырзабайұлы қуаныш иелерін барша ұжым атынан жетістіктерімен шын жүректен құттықтап, еңбектеріне жеміс тіледі.

Сонымен қатар ректорат отырысында азғана уақыт ішінде тамаша нәтижелерге қол жеткізген ҚазҰУ-дың баскетбол бойынша әйелдер құрамасы ҚР Білім және ғылым министрі Аслан Сәрінжіповтің атынан келген дипломдармен марапатталды. Студенттердің спорттық жетістіктерімен таныстырғанден шынықтыру және спорт кафедрасының меңгерушісі Анатолий Арещенконың айтуынша, ағымдағы жылдың қыркүйек айында PhD Балауса Алпысбаеваның бастамасымен құрылған команда небәрі үш айда алғашқы ұлттық студенттік

лигада 3-орын алып, қорытынды ойындардың нәтижесі бойынша Алматы, Астана және Қарағанды қалаларының командалары арасында 6-орынды иеленген.

PhD, Инженерлік бейіндегі зертхана маманы Балауса Ерболатқызы Алпысбаева да марапат иелері қатарында. Ол Алматы қаласында «Tech Garden Fest 2015» технологиялық фестивалі аясында өткен стартап байқаудың жеңімпазы атанды. Аталмыш байқауға қатысуға 700-дей өтініш түскен. Солардың ішінде «Ақылды индустрия және инфрақұрылым» секциясында «Мембраны на основе нанопористого оксида алюминия» жобасымен Балауса 5 миллион көлеміндегі грантты жеңіп алды.

Салтанатты бөлімде «Ай-Тұмар» қоғамдық тамақтандыру комбинатының директоры Сарқыт Шаяхметқызы Төлеушова да «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға 80 жыл» медалімен марапатталды.

Күн тәртібіне көшкен тұста ректорат мүшелері Біліктілікті арттыру институтының (БАИ) директоры Барлық Шайкеновтің институт жұмысын уақыт сұранысына сай жетілдіру туралы хабарламасына ден қойды. Биылғы Жолдауында Елбасы атап өткеніндей, мемлекет әлеуметтік саясатта адамдық капиталдың дамуына басымдық беруі тиіс. Сондықтан Президент білім беру саласындағы жаңғыртуды жалғастыруды тапсырып отыр.

ЖОО оқытушыларының Біліктілікті арттыру институты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың құрылымдық бөлімшесі ретінде 2002 жылдан бері жұмыс істеп келеді. БАИ құрылымы бойынша қайта ұйымдастыру жұмыстары орын алды: соңғы екі жылда жұмыс істеген бес орталық әлеуеті алдымен үш орталыққа жұмылдырылды.

Жалғасы 2-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

ЕЛ ДАМУЫНЫҢ
ТІРЕГІ



3-бет

БІЗДІҢ
МАҚТАНЫШЫМЫЗ



4-бет

РЕКТОРАТ
ҚАҮІПСІЗДІГІН КҮЗЕТКЕН



7-бет

РЕКТОРАТ

ФАКУЛЬТЕТ ТЫНЫСЫ

ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Бүгінгі таңда институт жанында екі орталық жұмыс істеуде. Атап өтсек, ҚР ЖОО-ларының және өзге де білім беру саласының мамандандыру бойынша субъектілерінің педагогикалық қызметкерлерінің біліктілікті арттыру орталығы және Әлеуметтік технологиялар орталығы. Барлық Аманғалиұлы институт жанындағы әр орталықтың мақсаты мен міндеттері еке-жеке тоқталды.

ҚР ЖОО-ларының және өзге де білім беру саласының мамандандыру бойынша субъектілерінің педагогикалық қызметкерлерінің біліктілікті арттыру орталығы ҚР ЖОО оқытушыларының біліктілігін тұрақты, мақсатты және жүйелі түрде арттыруды көздейді. Биылғы жылдың қыркүйек-желтоқсан айлары аралығында 32 ЖОО-дан 646 тыңдаушы ақылы негізде біліктілікті арттыру курсынан өткен. Сонымен бірге 90 тыңдаушы – ҚазҰУ оқытушылары түрлі салалар бойынша университет тарапынан бөлінген квота негізінде білімдерін жетілдірді.

Ал Әлеуметтік технологиялар орталығы философия және саясаттану факультеті негізінде құрылған. Алға қойған мақсаты – әлеуметтік ғылымдар бойынша біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, кеңес беру қызметін көрсету, білім берудің жаңа технологиялары мен әдістерін анықтау, енгізу болып табылады. Орталықта қыркүйек-желтоқсан айлары аралығында әр түрлі тақырыптағы курстар бойынша 600-ге жуық мектеп мұғалімдері дайындықтан өткен. «2016 жылдың



қаңтар айында Алғашқы республикалық психологиялық қысқы мектеп аясында семинар өткізу жоспарланып отыр», – деді институт директоры. Сондай-ақ ол қазіргі таңда мектеп және колледждермен ынтымақтастықтың қарқынды жүзеге асырылып жатқанын тілге тиек етті. Алдымен Шығыс Қазақстан облысы, Қызылорда қаласы және облысы, Алматы қаласы мектептерімен байланыс орнатылған. Сонымен қатар өзге де отандық және халықаралық ұйымдармен

жұмыс жайын егжей-тегжейлі баяндаған Барлық Шайкенов ұйымның алдағы жоспарларымен де бөлісті. Елбасының биылғы Жолдауда белең алған жаһандық дағдарыс жағдайында тағы да ауқымды әрі қысқамерзімді кадрларды қайта даярлау және біліктілікті арттыру жұмыстары жүзеге асатындығы туралы айтқанын ескерсек, біліктілікті арттыру институты жұмысын жетілдіруді заманның өзі талап етуде.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

«Айналады нұрландыр!» жобасы аясында география және табиғатты пайдалану факультеті рекреациялық география және туризм кафедрасының студенттері республикамыз үшін маңызы зор орталықтардың бірі – «Асыл мирас» аутизммен ауыратын балалар орталығына барып қайтты.

Қайырымдылық

«Асыл мирас» аутизммен ауыратын балалар орталығы – ерте диагноз қойып, кешенді түрде сауықтыру және жеке білім беріп, әлеуметпен араластыру арқылы аутизмді бар балалардың өмір сапасын арттыру, аутизмді анықтаудан бастап, қоғамда өз бетімен өмір сүруге дейінгі өміріне қол ұшын созумен айналысады. Қайырымдылық қорының басшысы Болат Өтемұратовтың бастауымен өткен жылдың маусым айында ашылған болатын.

Қоғам үшін әрбір бала маңызды және бақытты болуға құқылы. Аутизм диагнозы қойылған балалар өзімен-өзі қалдырылған және көптеген құқықтардан айырылған. Сондықтан біз бұл балалардың өмірге деген құштарлығын оятқымыз келеді. Осы мақсатта бүлдіршіндерге арнап арнайы концерттік бағдарлама, түрлі ойындар ұйымдастырылды.

Бәлкім, бұл шара көлге тамызған тамшыдай ғана болар, дегенмен, ең бастысы – шын ниет пен ынтымақ. Әлем біреу және барлығымызға ортақ. Ал оны құраушы қоғам – адамдарға қолдау, көмек көрсету, сыйлау және қорғау әрбіріміздің парызымыз!

Ж.Н. ӘЛИЕВА,
рекреациялық география және туризм кафедрасының доценті

Стратегема действий

На кафедре философии факультета философии и политологии прошло обсуждение Послания Главы государства народу Казахстана «Казахстан в новой глобальной реальности: рост, реформы, развитие». С докладом выступил профессор М. Ш. Хасанов, который остановился на ряде основных положений Послания.

Во-первых, вызовы новой глобальной реальности носят всеобщий характер, так как они затронули все сферы жизни. Во-вторых, всякий глобальный кризис инициирует не только опасность, но и открывает новые возможности. Большинство компаний мирового масштаба стали удачными в кризисные периоды развития. В этой связи возникает вопрос, а есть ли у Казахстана антикризисная стратегема? Эту стратегему действий Глава государства справедливо видит в соединении Великого казахстанского пути и идеи Мәңгілік Ел, имеющей долгосрочную, среднесрочную и ближайшую перспективы. Стратегема действий ориентирует на осуществление комплексных антикризисных и структурных преобразований по ряду направлений. Президент в качестве таковых выделяет: стабилизацию финансового сектора; оптимизацию бюджетной политики; приватизацию и стимулирование экономической конкуренции; основы новой инвестиционной политики; новую социальную политику.

Профессор М. Ш. Хасанов предлагает многие основополагающие по-ложения Послания включить в учебную программу курса «Философия научного познания». Это дало бы возможность студентам университета принимать более активное участие в его реализации.

Вера ПЕТРОВА,
профессор кафедры



Философия және саясаттану факультетінде саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының меңгерушісі профессор Гүлнар Насимованың жетекшілігімен және «Нұр Отан» партиясының ақпараттық насихаттық тобының мүшесі, доцент Омарғазы Ерғалидың ұйымдастыруымен дүйім жұрттың басын қосқан Елбасының Жолдауын талқылауға арналған жиын өтті.

Басқосуда саясаттану мамандығының 4-курс студенттері биылғы Жолдаудың ерекшеліктерін атап өтіп, саяси, экономикалық мәселелер бойынша ой алмасты. Сонымен қатар Жолдауды талқылау кешенді мәселелер шеңберінде өтіп, нақты бөлімдері, Президенттің 100 нақты қадам жоспары және т.б. өзекті мәселелер талданды. Бұдан бөлек, Жолдау бойынша спикерлер сұрақ-жауап ойындары арқылы Жолдаудың тарихы, маңызы сынды мағлұматтарды университет қабырғасына алғаш келген 1-курс студенттеріне түсіндіре білді.

Қ. БАЙҰЗАҚОВ,
1-курс магистранты

Филология және әлем тілдері факультетіндегі «Tarzhuman club» жас аудармашылар клубында «Аудармашы және тіл тазалығы мәселелері» атты дөңгелек үстел өтті.

Қатысушылар көрнекті жазушы Ф. Мүсіреповтің ана тілі туралы мақалаларындағы тіл тазалығы туралы ой-пікірлерге сүйене отырып, өз ойларын ортаға салды. «Аударма ісі» мамандығының 3-курс студенттері Н. Қызылбек, Ә. Құрметқызы, А. Талдыбаева қазіргі жастардың сөйлеу тіліндегі кемшіліктері жөнінде ортаға ой тастап, жаргондардан аулақ болуға шақырды. Тіл тазалығы мәселесі ешқашан маңызын жоймайтын өзекті мәселе екендігі, оны сақтау жастардың өз қолында деген ой осы дөңгелек үстелде атап айтылды.

Л. МҰСАЛЫ,
шетел филологиясы және әдіснамасы кафедрасының доценті

Жақында Ғылым Ордасының кинозалында «Дешті Қыпшақ: құпия танбалар» атты деректі 2 сериялы фильмнің тұсақкесері өтті. Аталмыш туындыны Шәкен Айманов атындағы Қазақфильм шығарған. Фильмнің көрсетілімін еліміздің мәдениет және өнер қайраткерлері, Ғылым академиясының ғалымдары мен зерттеушілері, студенттер мен магистранттар тамашалады.

Ұлы Дала елінің рухы көрермендерді бейжай қалдырмады: кең созылған Ұлы Дала, ат тұяғының дүрсілі, алмас қылыштың жарқылы көрерменін XI-XIV ғасыр қойнауына алып кетті.

Бұл көрсетілімді тамашалаушылардың қатарында «Құтты білік» зияткерлік клубының мүшелері де болды. Жалпы клуб мүшелері жоспарға сай көптеген мәдени іс-шараларға қатысып келетінін атап өтуге болады.

Г. ҚОРТАБАЕВА,
шығыстану факультетінің доценті

Жуырда филология және әлем тілдері факультетінің №17 Студенттер үйінде «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының «Көкжиек» ғылыми-шығармашылық клубының ұйымдастыруымен кезекті оқырмандар конференциясы өтті.

Оқырмандар конференциясында әңгіме жанрының айтулы шебері, қазақ әдебиетінің қабырғалы қаламгері Дидрахмет Өшімханұлының «Құдайсыздар» атты әңгімесі талданды. Жазушының шығармашылығына тән ортақ сарын – адамзат бойынан адамгершіліктің қашып, қоғамның қатыгезденіп бара жатқанын мінездер, тағдырлар арқылы ашына толғау.

С. СЕЙДЕНОВА,
доцент

15 желтоқсаннан бастап республикалық Әл-Фараби олимпиадасына қатысушыларды тіркеу басталды

ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ТІРЕГІ

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты кезекті Жолдауы ел дамуының тірегі мен алдағы күндердің жоспарына айналды. Оның маңызы мен мазмұнын түсіну әрі оны қолдау – әр қазақстандықтың өншісінде. Ал бұл Жолдаудың әлемдік дағдарысқа қарсы тұрар бағыт-бағдарларының басым екенін ескерсек, оны жүзеге асыруда жастар мен студенттердің рөлі арта түспек. Осы орайда жуырда «Теориялық және қолданбалы саясаттану» пәні аясында Экономика және бизнес жоғары мектебі, заң факультеті және тарих, археология және этнология факультеттерінің 2-курс студенттері арасында пікірталас ұйымдастырылып, биылғы Жолдаудың ерекшеліктері талқыға салынды.



Студенттер «Теориялық және маңызы бар құжатты талқылауда саяси-қолданбалы саясаттану» пәнін оқу экономикалық көзқарастарымен шебер барысында меңгерген білімдерін тарихи ұштастыра білді. Пікірталас барысында

дағдарысқа қарсы тұру бағыттары: қаржы және бюджеттік саясат, экономикалық бәсекелестікке ынталандыру, жаңа инвестициялық саясаттың негізі және Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауын іске асырудағы жастардың рөлі кеңінен сөз болды. Студенттер «Жаһандық дағдарыс жағдайындағы Қазақстанның алдағы жағдайы қалай болады?» деген сұраққа жауап іздеп, әлемде орын алған саяси жағдайларға шолу жасады. Нәтижесінде бәріне өсу, реформалар, даму арқылы алға жылжи отырып қол жеткіземіз, ал тың жоспарлардың жүйелі жүзеге асуы жұдырықтай жұмылуды талап етеді деген пікірге ұйысты.

Елбасымыздың өзі айтқандай, дамуымыз жедел, келешегіміз кемел болуы үшін алдағы уақытта Жолдаудан туындайтын міндеттерді орындауда бірлікпен, абыроймен қызмет атқаруға тиіспіз. Жастар да оған өз үлестерін қосатынына кәміл сендірді. Ең бастысы, Тәуелсіздігіміз тұғырлы, елдігіміз еңселі, бірлігіміз бүтін, ісіміз нәтижелі болғай!

**Г.К. ӘБДІҒАЛИЕВА;
М.Б. ШӘБДЕН,**

*саясаттану және саяси технологиялар
кафедрасының оқытушылары*

Нақты бағдар

Президентіміз Н.Ә. Назарбаев биылғы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» атты Жолдауында қазіргі күнде әлемде және елімізде қалыптасқан жағдайға жан-жақты шолу жасалып, оның себептері мен онан шығудың тиімді жолдарын көрсетіп берді.

Жаһандық дағдарыс – ол тек қауіп қана емес. Сондықтан Елбасы одан шығудың келесі алты бағытын атады. Біріншіден, индустриялық-инновациялық дамудың екінші бесжылдығын бастап, шикізат ресурстарына ғана қарап қалмайтын экономика құру. Екіншіден, «Нұрлы Жол» Мемлекеттік инфрақұрылымдық даму бағдарламасына сай дағдарысқа қарсы шаралардың маңызды аспектісі ұлттық валютамыз теңгенің еркін бағамға көшуіне байланысты. Үшіншіден, «5 индустриалдық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты кадам» Ұлт жоспарын жүзеге асыру. Төртіншіден, қажетті мемлекеттік қор мен алтын-валюта резерві жинақталды. Бесіншіден, мұнай бағасы барреліне 30-ға және 20 долларға дейін төмендеген жағдайларға ойластырылған іс-қимылдар нұсқасы әзірленді. Алтыншыдан, Қазақстанда инновациялық индустрияландыру шеңберінде құрылған экономиканың жаңа секторлары экономикалық өсімнің драйверлеріне айналуда.

Сондай-ақ, дағдарысқа қарсы басты стратегиялық бағыт ретінде үш қарапайым, бірақ маңызды ұсыныс жасалған. Ол – өсім, реформалар, даму. Елбасы Жолдауы Қазақстанды дағдарыстан алып шығар бірден-бір нақты бағдар болып отыр.

Мадияр ЕЛЕУОВ,

*археология, этнология және музеология
кафедрасының профессоры*

ЗА СТРОКОЙ ПОСЛАНИЯ...

Продолжение. Начало на 1 стр.

В ходе обсуждения членами кафедры было отмечено, что большой упор в своем выступлении Президент страны сделал на необходимости развития человеческого капитала. По его словам, «приоритетом государства в социальной политике должны быть масштабные инвестиции в развитие человеческого капитала». Интерес вызвало предложение Н. А. Назарбаева продолжить модернизацию сфер образования и здравоохранения.

Заведующая кафедрой русской филологии и мировой литературы профессор Б. У. Джолдасбекова в своем выступлении отметила: «Просмотрев очередное Послание Президента народу Казахстана, в который раз убеждаюсь, что в нашей стране уделяется огромное внимание подрастающему поколению. Как справедливо отметил Президент, образовательная система занимает особое место в развитии государства. Большой упор сделан на современные программы и методики обучения, квалифицированные кадры, повышение уровня преподавания. Всё это говорит о том, что Глава государства направляет немалые усилия на то, чтобы молодежь процветающего государства была образованной и делает для этого всё возможное. Активно продвигается проект триединства языков, направленный на обязательное знание трех языков: казахского, русского и английского. Постепенный переход ведущих университетов к академической и управленческой автономии так же является важным шагом в модернизации образовательной системы. Мы, преподаватели КазНУ, готовим будущее Казахстана. Наша главная задача – подготовить не только высококвалифицированных специалистов в разных областях, но и будущую интеллигенцию, способную принести



пользу своему государству».

Членами кафедры также было отмечено, что в Послании отчетливо выступает позиция, связанная с тем, что «Казахстан станет страной с преобладающей долей среднего класса, доля городских жителей достигнет с 55% до 70% от всего населения. Города и населенные пункты свяжут качественные дороги и скоростные маршруты всех видов транспорта. Развитие медицины позволит увеличить продолжительность жизни до 80 лет и выше». Среди прочих целей Президентом выделена одна из главных – укрепление благосостояния народа. Большое внимание уделено развитию безопасности и стабильности. Основой развития страны названы – мир,

стабильность, правосудие и порядок.

Отрадно было отметить, что президент затронул планы и на ближайшие полтора года, связанные с повышением заработной платы. Так, по словам Главы государства, «с 1 января 2016 года будут повышены зарплаты работникам здравоохранения – в среднем до 28%, образования – до 29%, социальной защиты – до 40%».

Преподаватели кафедры, придавая высокую значимость социальной и экономической направленности документа, полностью поддерживают политику, проводимую Президентом РК Н. А. Назарбаевым, и готовы приложить все усилия для решения новых задач, поставленных Главой государства. На заседании кафедры было

принято решение внести предложения в Стратегический план развития кафедры русской филологии и мировой литературы в соответствии с Посланием. Кроме того, преподаватели кафедры обсудят Послание Н. А. Назарбаева в студенческих аудиториях.

В новом Послании отражены все жизненно необходимые вопросы, касающиеся каждого гражданина нашей страны. Необходимо жить и трудиться на благо нашей Родины, следовать поставленным задачам нашего государства, стремиться к единству, миру, и процветанию.

С. К. САНСЫЗБАЕВА,

*доцент кафедры русской филологии
и мировой литературы*

Объявлен конкурс на соискание стипендии PhD Университета Цукуба (Япония)

Біздің мантанымшылмыз

Қазақ халқының біртуар азаматтары аз емес, солардың бірі әрі бірегейі – ұлағатты ұстаз, ғалым-физик Нұрғали Қойшыбаев. Қарапайым халыққа «жалаң аяқ профессор» деген атпен танымал бұл кісі – қазақ ғылымының тарихында өзіндік орны бар жан. Ол әлемдік деңгейдегі ғалымдар Л.Д. Ландау мен Е.М. Лифшицтің «Теориялық физика курсы» атты 10 томдық еңбектерін тұңғыш қазақ тіліне аударып, жарыққа шығарды. Теориялық физика – физика ғылымының ең күрделі бөлімі, тылсым табиғаттың жалпы заңдылығын, қарапайым құбылыстардың қыр-сыры мен әлемдік жаратылысты теориялық, яғни математикалық жағынан қарастыратын саласы. Осындай ірі еңбекті түбегейлі түсініп, қазақ тіліне аудару кез келген адамның қолынан келе бермейтін іс. Ғалымның осы жолда көрген қиыншылығы да аз емес, кітаптарды аудару барысында көз жанарынан да айырылып, оны емдеп қалпына келтіре сала бұл еңбекті толығымен аяқтап шығарды.



теориялық және ядролық физика кафедрасында бүгінгі күнге дейін еңбек етіп келеді. Бұл – біз үшін үлкен мақтаныш. Физика саласында өзіндік қолтанбасы бар Нұрғали ағайдың өз ісіне шын берілгендігі, адалдығы мен еңбекқорлығы көпке үлгі.

Гүлназ УСАБАЕВА,
теориялық және ядролық физика кафедрасының аға оқытушысы

Осындай ерекше жанның өмір жолына тоқталар болсақ, бұл кісі 1937 жылы 15 қыркүйекте Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданында дүниеге келген. 1946 жылы мектеп табалдырығын аттап, 8 сыныпты аяқтамастан Қандыағаш қаласындағы «механизация» училищесіне келіп түсіп, 1956 жылы «тракторист-машинист» мамандығын алып шығады. 1959 жылы ҚазҰУ-да физика факультеті ашылған соң, құжаттарын тапсырып «физика» мамандығына түседі. Университетті жақсы аяқтап, оқу орнында оқытушы қызметіне қалдырылады. Теориялық, ядролық физика кафедраларында жұмыс

істеу барысында өзін керемет дәріскер және ғалым ретінде көрсете білді. Кеңес Одағы кезінде 1977-80 жылдар аралығында Африка елі Алжир қаласының жоғары оқу орнында физикадан француз тілінде сабақ береді. Осында ол көптеген тәжірибелер жинап, білімін тереңдетеді.

Нұрғали Қойшыбаев әрдайым студенттерді ғылым жолында сабырлы да шыдамды болуға шақырып, әлемге танымал ғалымдардың өз қиыншылықтарын қалай жеңе білгендіктері жайлы мысалдар айта арқылы жастарды алға қойған мақсаттарына жете білуге үйретеді. Бар жиған-терген тәжірибесін, физика

саласындағы зерттеулерді қарапайым қазақ балаларына ана тілінде жеткізу мақсатында талмай еңбектенді. Шетелдік ғалымдар жайлы «Ұлы есімдер» кітабын, «Элементар әлеміне саяхат», «Физиканы қайталайық», «Кванттар сыры», «Физика», «Жалпы физика курсы», «Физика бөлімдері» және т.б. 20-дан астам еңбектерді жарыққа шығарды. Сонымен қатар жалпы салыстырмалық теориясының 4-ші эффектісін анықтап, Эйнштейннің салыстырмалы теориясы бойынша 20-дан астам ғылыми мақалалар жариялады. Осындай еңбегі ерен ғалым ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетінің



Жуырда «Айналанды нұрланды» бағдарламасы аясында физика-техникалық факультетінің теориялық және ядролық физика кафедрасы оқытушылары

мен студенттері көмек қолын созу мақсатында қараусыз қалған бірнеше қарт кісілерге барып қайтты.

ЖҮРЕК ЖЫЛУЫ

Біз, «физика» мамандығының студенттері әрқайсымыз өз еркімізбен қолдан келген көмегімізді ұсындық. Айта кетерлігі, өзіміздің қазақ апаларымыз қайда болса да, қандай жағдайда болса да қонжайлылық қасиетін сақтауы. Олардан алар өнегіміз көп, айтар алғысымыз шексіз.

Келесі барған үйіміз жалғыз басты Галкина Наталья Юрьевна деген кісінің үйі болды. Ол өзінің балабақшаға баратын кішкентай қызымен тұрады екен. Үйге кіргенде қуаныштан көздері бал-бұл жанған балауса қыз бірінші көрінді. Ол қазақ бала бақшасына барады екен. Бізге қазақ тілінде жана жылдық тақпағын айтып берді. Ерекше әсерге бөлендік.

Шын жүрегімізбен елімізде ешбір қараусыз қарттар болмаса екен деп тілеймін!

Мұсағ ИМАНҚҰЛ,
физика-техникалық факультетінің
4-курс студенті;
Жетекшісі ф.-м.ғ.к., доцент
Фарида БЕЛИСАРОВА

Возможности клубной работы

Интеллектуальный потенциал дискуссионного клуба «Право и безопасность», действующего на факультете международных отношений с 2013 года, ценен тем, что он призван содействовать обеспечению открытости диалога между магистрантами, Ph.D докторантами и его координаторами в аспекте обсуждения и обмена мнениями по актуальным вопросам международного и национального права.

Исходя из обозначенной цели, основными задачами клуба как дискуссионной площадки являются активизация научной деятельности магистрантов и Ph.D докторантов, обучение их навыкам самостоятельного осуществления исследований и овладение ими же методиками научных выступлений с учетом особенностей международно-правовой деятельности, правоприменительной практики, достижений отечественной и зарубежной доктрины. В рамках клуба имеется прекрасная возможность не только получить квалифицированную и объективную оценку проводимых научных исследований, но и апробировать выводы, основные положения и практические рекомендации, выносимые на защиту. Хочется отметить определенные заслуги клуба, с которыми он встречает 20-летний юбилей создания факультета международных отношений. За короткое время существования клуба в его работе приняли участие около 30 магистрантов и Ph.D докторантов, а также студентов бакалавриата. Заседания клуба проводятся регулярно и стабильно. Следует при этом особо остановиться на темах, которые были предметом открытых и интересных обсуждений в рамках клуба. В частности, ими стали темы борьбы, связанные с распространением идей экстремизма и терроризма как факторов угрозы национальной



безопасности с оценкой правовых мер и механизмов противодействия на примере Казахстана. Это – так называемое «дело Брейвика» с одновременным анализом кризиса европейской демократии и формулированием выводов для современного Казахстана, рационального управления трансграничными водными ресурсами в Центральной Азии, количественного и качественного расширения деятельности ШОС, формирования единого Евразийского экономического пространства и использование опыта Европейского Союза в этой области, а также перспективы развития национальной космической деятельности Казахстана и ряд других. В этой связи, можно выделить такие заслуживающие внимания выступления, как: "Характеристика террористических преступлений по международному праву" (магистрант М. Ердешбаева), «Курдский вопрос и проблемы реализации права на самоопределение» (Ф. Халилов), «Уголовно-правовые аспекты создания, использования и распространения вредоносных компьютерных программ» (Л. Алиханова), «Правовые аспекты ношения религиозной одежды и символов на территории РК» (А. Сулейманова), «Проблемы международно-правовой квалификации «смешанных» («интернационализированных») вооруженных кон-

фликтов» (магистрант Е. Кожин) и другие. Отличительной особенностью деятельности клуба является обеспечение взаимосвязи самостоятельных научных разработок магистрантов и Ph.D докторантов с приоритетными для страны фундаментальными исследованиями по государственному заказу МОН РК. Например, магистрантка 2 курса М. Танекова в течение года участвует в комплексном рассмотрении темы «Правовое регулирование деятельности в социальных сетях как фактор обеспечения национальной безопасности и реализации приоритетных направлений государственной политики».

Клуб, создавая благоприятные условия для раскрытия и реализации личностных творческих потенциалов магистрантов и Ph.D докторантов, будет и дальше оказывать содействие данной категории обучающихся внести соответственно свой вклад для написания на качественном уровне магистерских и докторских диссертаций.

Ж. М. АМАНЖОЛОВ,
М. К. САМАЛДЫКОВ,
координаторы клуба,
кандидаты юридических наук,
доценты кафедры
международного права

Жәнібек хан

Жәнібек хан – шамамен 1628-1945 жылдардағы қазақ ханы. Есім ханның үлкен ұлы, әкесінен соң хан тағын иеленген. Қазақ тарихында Жәнібек ханның есімі ұзақ жылдар бойы ұмытылып келді. Оның басты себебі – Жәнібек хан есімінің жазба деректерде бұрмаланып жазылуы және бұрмаланған деректерді кейінгі зерттеушілердің қате түсіндіруі. XVII ғасырдың 30 жылдарындағы қазақ-жоңғар соғыстарын баяндаған орыс дерегінде Жәнібек ханның есімі «Яныбек» деп жазылады да, зерттеушілер оны түзетіп – «Янгир» деп оқиды. Сөйтіп оны Есім ханның ұлдарының бірі – Жәңгір (Жахангер) есімімен байланыстырады. Осылайша, Жәнібек ханның есімі қазақ тарихынан ұмытылады. Тек соңғы жылдардағы зерттеулерде Жәнібек ханның тұлғасы қайта қарастырыла бастады. Кейбір зерттеушілер тіпті Жәнібек ханды – II Жәнібек хан деп атайды.

Жәнібек хан жөніндегі алғашқы тиеді.

Жәнібек хан жөніндегі алғашқы мәліметтер шығыс деректерінде кездеседі. XVII ғасырдың басында Мәуереннахрдағы аштарханилық әулет өкілдерінің бірі – Имамқұли сұлтан билікке таласқан кезде оны қолдаған қазақ сұлтандарының бірі – Есім хан ұлы Жәнібек сұлтан болды. Имамқұли хан билікке келгеннен кейін өзін қолдаған қазақ сұлтандарына иеліктер береді. Жәнібек сұлтанға Сағардж аймағы

Алғашқы қазақ-жоңғар соғысының 1635 жылы басталғаны белгілі. Және ол соғыс бірнеше жылға созылады. Осы соғыс барысындағы шайқастардың бірінде қазақтар жеңіліс тауып, қазақ сұлтаны Жәңгір (орыс дерегінде – Янгир царевич) жау қолына тұтқынға түседі. Ал ол кездегі қазақ ханы Жәнібекті орыс деректері «Яныбек царь» деп жазады. 1639 жылғы



орыс дерегі кезекті бір шайқас туралы айта келе, жоңғардың Далай тайшы атты көсемінің «Қазақ Ордасының патшасы Жәнібекке қарсы» (Казачьи Орды против Яныбека царя) жорық жасағаны туралы баян етеді. 1640 жылғы және 1643 жылғы

қазақ-жоңғар қатынастарын баяндайтын дерек мәліметтерінде Жәңгірге қатысты мәселелер баяндалады да, оларда оны сұлтан (царевич) лауазымымен көрсетеді. Соған қарағанда бұл жылдары Жәңгірдің ағасы Жәнібек хан әлі билікте отырған деуге болады.

Жәнібек ханның нақты қай жылы қайтыс болғаны белгісіз, тек оны шамалап қана айтуға болады. 1643-44 жылғы қазақ-жоңғар шайқастарында оның көзі тірі. Зерттеушілер оның інісі Жәңгірді XVII ғасырдың 40 жылдарының ортасында хан тағын иеленген деп есептейді. Соған қарағанда Жәнібек хан 1645 жылы қайтыс болған. Оның денесі Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі жанында жерленген. Ал оның ұлдары туралы ешқандай мәлімет жоқ.

Қорыта келе айтарымыз, тірі кезінде бар билікті иеленсе де, жұлдыздай жарқырамаған, жалындап жанбаған тұлға қайтыс болғаннан кейін бірте-бірте көмескіленіп, тіпті мүлде көрінбей қалуы мүмкін. Бұл қағида тура Жәнібек ханға қатысты айтылған секілді.

Жәңгір хан – Есім ханның тарихта белгілі үш ұлының бірі. Есім ханның үлкен ұлы – Жәнібек сұлтан, екіншісі – Жәңгір хан, ал үшінші ұлы – Сырдақ сұлтан. Жәңгірдің шын есімі – Жахангер, парсыша ол сөз «әлемді бағындырушы, билеуші» деген мағына береді. Қазақ халқы Жәңгір ханды – «Салқам Жәңгір» деп атаған.

Жәңгір ханның есімі деректерде алғаш рет XVII ғасырдың 30 жылдарының ортасындағы оқиғаларда «сұлтан» лауазымымен кездеседі. Ол 1634 жылы Ташкентке жасаған жорыққа қатысады.

1635 жылдың 19 шілдесінде орыс тілінде жазылған бір деректе жоңғар билеушісі Батыр хонтайшының 1635 жылдың қыс айларында Қазақ Ордасына аттанғандығы, ал Қазақ Ордасы адамдарының ойраттарға жорыққа шыққандығы, екі жақтың бір-бірімен кездесіп қалып, үлкен шайқастың болғандығы, ойраттардың жеңіске жеткендігі, Есім ханның ұлы Жәңгір сұлтанның (деректе Янгир царевич деп жазылады – Б.К.) тұтқынға алынғандығы және қазіргі кезде ол сұлтанның жоңғарлардың қолында екендігі айтылады. Зерттеушілер Жәңгір сұлтанның жоңғар тұтқынынан қалай босап шыққанын әлі күнге дейін дұрыс түсіндіре алмай жүр.

Батыр хонтайшы ішкі саяси өмірде орталықтандырылған хандық билікті нығайту саясатын жүргізсе, кейбір жергілікті тайпа көсемдері орталық хандық билікке бағынбауға, өздерінің феодалдық дербестігін сақтап қалуға тырысады. Жоңғарияда Батыр хонтайшыға қарсы феодалдар тобы пайда болады. Міне, хонтайшы мен оған қарсы топ арасындағы қайшылық Жәңгір сұлтанның жоңғар тұтқынынан босап шығуына әсер етеді. Ойрат чулғанын (құрылтай) басқарған хошоуыт тайпасының көсемі Байбағас тайшының туған інісі Хүндүлен тайшы – Батыр хонтайшы билігінің күшеюіне бірден-бір қарсы тұрған тұлға болатын. Сол себепті де ол хонтайшының көптеген іс-әрекеттеріне кейде ашық, кейде жабық түрде қарсылықтар көрсетіп отырады. Оның бірі – 1643 жылғы Батыр хонтайшының қазақтарға қарсы жорыққа шығу туралы бастамасына қарсы шығып, жорыққа қатыспай қоюы.

1644 жылы Батыр хонтайшымен әнгімелескен орыс елшісі Г. Ильиннің есебінде хонтайшы өзінің жауы деп Хүндүлен тайшы мен Далай тайшының ұлдарын, Жәңгір сұлтан мен Жалаңтөс батырды санайтынын, Хүндүлен тайшының



Жәңгірді қолдап отыратынын және тайшы оны тандаулы ұлы (названный сын) деп санайтындығын баяндайды. Осы мәлімет Жәңгірдің жоңғар тұтқынынан аман-есен босап шығуының себебін түсіндіреді.

Осылайша, Жәңгір сұлтан 1635 жылы жоңғар тұтқынынан жоңғарлардың өз қолымен босап, туған еліне аман-сау оралады, жоңғар тайшыларының арасынан өзіне одақтастар тауып қайтады. Бұл одақтастықтың оған 1643 жылғы Батыр хонтайшы әскерімен шайқасында көп көмегі тиеді.

1643 жылдың қысында Батыр хонтайшы қазақтарға қарсы кезекті жорығын 50 мың әскермен бастап, ол 1644 жылдың жазының ортасына дейін созылады. Бұл жорыққа Жәңгірдің одақтастары Хүндүлен тайшы, Далай тайшының ұлдары қатысудан бас тартқан.

Жәңгір сұлтан Батыр хонтайшының жорық бағытын да алдын ала біліп, оларға қарсы тұратын ыңғайлы жерді тандап та алады. Самарқандағы досы Жалаңтөс

батырға да хабар жібереді. Өзі 600 адамдық әскерімен жау әскеріне қарсы аттанып кетеді. Жоңғар әскерінің бағытындағы тар тау шатқалының ішінде окоп қаздырып, онда мылтықпен қаруланған 300 жасағын қалдырады да, өзі қалған әскерімен қарсы беттегі тастардың артына жасырынады. Хонтайшы әскері окоптағыларға жақындағанда Жәңгірдің 300 жасағы оларға оқ атып бетін қайтарады. Екінші жақтан сұлтанның өзі соққы береді. Шатқалдың өте тарлығынан қалмақ әскері сандық артықшылығын пайдалана алмайды, маневр жасауға мүмкіндіктері болмайды. Батыр хонтайшы екі рет шабуыл жасайды, бірақ ол екеуі де ешқандай нәтиже бермейді. Сол кезде Самарқан әкімі Жалаңтөс батырдың 20 мыңдық әскері де келіп жетеді. 10 мыңдай адамынан айырылған жоңғар әскері кері шегінуден басқа амал таппайды. Бұл соғыс Жәңгір сұлтанның атақ-абыройы мен беделін қалай асқақтатса, Батыр хонтайшының беделіне зор нұқсан келтіреді.

Жәңгір таққа шамамен 1645 жылы ағасы Жәнібек хан қайтыс болғаннан кейін келеді.

Егерде Жәңгір билікке келгенге дейінгі сұлтандық дәрежедегі қызметінің басты бағыты шығыстағы жоңғарларға қарсы күрес болса, енді хан мәртебесіндегі міндетіне қазақ елінің ішкі-сыртқы өміріне қатысты барлық бағыттағы мәселелер енеді. Жоңғарға қарсы күресу үшін ол Мәуереннахрдағы аштарханилар әулетімен, Шығыс Түркістандағы шағатайлық әулет өкілдерімен одақтасады. Жәңгір ханның аштарханилық әулетпен жүргізген бейбіт қатынастары туыстық байланыстармен нығайтылады.

Жәңгір ханның билігі тұсында Қазақ хандығы Шығыс Түркістандағы моғол билеушілерімен де жақсы қатынастар жүргізеді. Аз уақыт ішінде Жәңгір хан мен шағатайлық моғол ханы Абдаллахтың арасында 5-6 елшілік барып қайтады. Алғашқы елшілікті Шығыс Түркістанға Жәңгір хан жібереді. Келесі бір елшілікке Жәңгір хан өз ұлдарының бірі, болашақ қазақ ханы Тәуке сұлтанды аттандырады.

Жәңгір ханның моғол билеушілеріне қысқа уақыт ішінде бірнеше елшілік жіберуінің басты себебі – Жоңғарияға қарсы одақ құру болды. Осы одақтастың арқасында Жоңғария 1652 жылға дейін қазақ еліне соғыс аша алмайды.

Батыр хонтайшының қазақтарға келесі жорығы тек 1652 жылы жүзеге асады. Оған қарсы Жәңгір ханның өзі қазақ әскерін бастап шығады. Деректер осы соғыста Жәңгір ханды Батыр хонтайшының одақтасты, хошоуыт тайпасы көсемінің 17 жасар ұлы Галдамның өлтіргенін ғана айтады.

Елі мен жерін қорғауда ат үстінен түспеген Жәңгір хан нағыз ерлердей қан майданда қаза табады. Елі оны құрметтеп, Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі жанына қояды.

Жәңгір ханның тарихта белгілі екі қызы және үш ұлы болған. Екі қызының бірі – аштарханилық Абд ал-Азиз ханға, екінші Қазақ ханым атты қызы – Шығыс Түркістандағы шағатайлық Абдолла ханның ұлы Жолбарыс ханға ұзатылады.

Жәңгір ханның ұлдарының үлкені – Апақ(Абақ) сұлтан. Ол Жәңгір ханның тұсында қазақ елшілігі құрамында Шығыс Түркістанға барып қайтады. Келесі ұлдарының бірі – Тәуекел сұлтан. Ол қазақ тарихында – Тәуке хан, Әз Тәуке деген есіммен қалады. Тәуке де әкесінің хандық билігі тұсында алғаш рет қазақ елшілігімен Шығыс Түркістанға барған. Ш. Құдайбердіұлы Жәңгір ханның тағы бір ұлының есімін атайды. Оның есімі – Уәлибақи. Ол Үргеніштегі Қайып ханның қызынан туған делінеді. Қалмақ әйелден туған Тәуке әкесінен соң таққа отырғанда, оған өкпелеген Уәлибақи Үргеніштегі Қайып ханға кетіп қалған еді делінеді. Ал XVIII ғасырда осы Уәлибақи ұрпағы – атакты Абылай хан қазақ тарихының төрінен ойып тұрып өз орнын алады.

Б.Б. КӘРІБАЕВ,

*ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
ҚазҰУ профессоры*

(Жалғасы. Басы өткен сандарда)

Ұлт рухын оятқан ақын

Қай халықта да, қай заманда да сөз құдіреті өз бағасын алып отырған. Асылы, көркем әдебиетін ұлықтаған ұлттың рухани құндылығы өсте жойылмақ емес. Жазушы Ғабит Мүсірепов дүниеден өтерінің алдында «Әдебиет ұлы болмаған жерде, ұлттың ұлы бола алмайтындығын ұмытпайықшы», – деген сөздерді осы асыл ұғымның құнсызданып қалуынан қауіптенгендіктен айтса керек.

Айтпағымыз, қазақ поэзиясында кайталанбас құбылыс болған ақын Мағжан Жұмабаев саяси репрессия құрбаны болып, ұлтжанды азаматтың есімін ел жадынан өшіруге күш салынған еді. Кезінде ұлы ақынды қаралап, оның поэзиясын батып бара жатқан күнге тенегендер болғанымен, уақыт Мағжан өлеңдерінің өміршендігін дәлелдеп берді. Бүгінде еліміздің ертеңгі үміті саналатын жалындаған жастар ақын сенімін ақтап, ұлт мерейін асырып, көпке үлгі бола алуға. Ақын рухының биік, арманының асқақ, жанының кіршіксіз таза екендігінің айқын дәлелі ретінде филология және әлем тілдері факультетінде «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында

сипаты, ұлтжандылықты үлгі етер тұстары мол екендігіне көз жеткізді.

Іс-шараға ақын шығармаларын арнайы қарастырып, зерттеп жүрген филология ғылымдарының докторлары Өмірхан Әбдиманұлы, Дина Әлкебаева, доцент Ләйлә Мұсалы т.б. ғалымдар қатысып, ұлттық рухты шығармаларының негізгі өзегі еткен ақын туралы ойларын ортаға салып, жылы лебіздерін білдірді. Тәрбие бөлімінің маманы Ақан Марғұланның ақын өлеңдерінің өміршендігі туралы айтқан пікірлері де көңілге қонымды, әсерлі болды. Шара барысында студенттер бүгінгі жастардың ұранына айналған «Мен жастарға сенемін» өлеңін, поэмалардан үзінді жатқа оқып, ақын сөзіне жазылған «Сен



«Батыр Баян» – ұлтжандылықтың үлгісі» атты іс-шара өтті.

Дөңгелек үстел форматында өткен шарада «Батыр Баян» шығармасының көркемдік ерекшелігі, тақырыбы, идеясы жөнінде ой өрбіп, бұл туынды арқылы ақын жұртына не айтқысы келді, бүгінгі ұрпаққа берер тағылымы қандай деген сауалдардың жауабы нақтыланып, салмақты ойлар айтылды. Шараға қатысқан студенттер Мағжан шығармаларын зерттеушілердің ұтымды пікірлерін, тұжырымды ойларын алға тартып, бүгінгі өмірмен байланыста, сабақтастықта қарастырды. Ізденімпаз студенттер «Батыр Баян» туындысын Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының «Жанталас» атты кітабымен салыстыра қарап, ортақ ой, түйінді тұжырым жасады. Қай-қайсысында болмасын Батыр Баян бейнесінің ұлттық

сұлу» әнін шырқады. Ақын талантын бағалайтын Есенгелдиев Сәкеннің орындауында факультет түлегі Мырзақұл Бауыржаннның сөзіне жазылған «Жұмабай шалдың Мағжаны» әні шырқалды.

Сөз өнерінің киесі киелі адамға ғана қонатындықтан, осындай талантты ұлына, ақынына шынайы құрмет, алғаусыз көңіл көрсете алатын ұлт қана ұлы әдебиет туғыза алатыны ақиқат. Ұлттық идеяға суарылған осындай туындылар ұлттық хәм рухани құндылығымыз ретінде талай ұрпақтың жігерін жанып, намысын қайрап, мәңгілік ел болуды мақсат тұтқан ұлтымызға қызмет етуге жарай бермек.

Шоқан ШОРТАНБАЕВ,
филология және әлем тілдері
факультетінің аға оқытушысы;

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: «Адам баласының бүкіл ғұмырындағы ең сенімді және ең сабырлы серігі – кітап», – деп атап өткеніндей, қазіргі таңда жастардың кітап оқуға ден қоюы бүгінгі күннің көкейтесті талабы болып отыр. Болашақта рухани игіліктің шетте қалып, материалдық байлықтың алдыңғы шепке шығып кетпеуінің алдын-алудың бірден бір дұрыс жолы – рухани тәрбие деп білеміз. Университетіміздің ректоры **Ғ. Мұтанов**: «Жастарымыз өзін-өзі танып, рухани дүниесін байыту үшін кітап оқуға тиіс және көп оқуға тиіс» деген болатын.

Мәдениеттің ең жоғарғы сатысы

Қазіргі техниканың қарыштап дамыған шағында адам жанының да техникаланып бара жатқан тұстарына куә болудамыз. Кітап оқудан гөрі компьютер қуалаған жастарымыздың арасында кітап оқу үрдісін насихаттаудың маңызы зор. Осы мақсатпен ҚазҰУ-дың шығыстану факультеті қытайтану кафедрасының «Шығыстану», «Шетел филологиясы», «Аударма ісі» бөлімдерінің 1, 2-курс магистранттары мен оқытушыларының ұйымдастыруымен «Жүз кітап» жобасы аясында белді қытай жазушысы Мо Янның шығармаларын талдауға арналған ғылыми семинар болып өтті.

Семинар мақсаты – студенттер мен магистранттар арасында кітап оқуды насихаттау, кітап оқу арқылы ғана адам толыққанды сауатты болатынын түсіндіру еді. Өз сөзін «кітап оқу – мәдениеттің ең жоғарғы сатысы» деп бастаған топ жетекшісі, доцент **А. Кенжебаева** Мо Ян шығармаларындағы тарихи шындық пен көркем шындықтың арақатынасы туралы мағлұмат берді. Нобель сыйлығының иегері болған Мо Янның «Қызыл гаолян» «Шарап елі», «Сарымсақ кәдісі», «Он үш қадам» «Үлкен омырау мен алып бөксе» секілді туындылары талданды. Магистранттар шығарманы оқу барысында өздеріне түсініксіз болған сұрақтарын ортаға салып, талдаудың көркін қыздырды. Магистранттар интерактивті такта мүмкіндіктерін қолдана отырып, жазушының «Қызыл гаолян» («Hong gaoliang jiazou», 1987) романының көркемдік ерекшелігіне талдау жасады, шығарма тақырыбы мен проблематикасын ашып көрсетті. 2-курс магистранты **Аягүл Ықыласова** Мо Ян шығармаларының жетістіктерін айқындап берсе, 1-курс

магистранты **Назира Байдәулетова** Мо Янның «Қызыл гаолян» атты шығарма оқиғасының түйінді мәселесі жайында қысқаша баяндама жасап өтті. Жазушы шығармаларының тілі мен мазмұны туралы да тың ой қорытулар жасалды. Магистранттардың әрқайсысы семинар барысында сыни пікірлері мен ерекше қабілет зейіндерін көрсете білді. Көркем шығарманың мазмұнын талдау барысында жазушы сомдаған кейіпкерлердің іс-әрекеттері, мінез-құлықтары сарапталды. Әркім өзіне жақын ұнамды кейіпкері туралы пікір білдірді. Кейіпкер қандай қасиетімен ұнайды, қандай өнегелі құндылықтары, ерекшеліктері бар деген сауалдарға семинарға қатысушылардың әрқайсысы өз тарапынан тұжырымды ой білдіруге тырысты.

Адам жанын ізгілікке тәрбиелейтін көркем әдебиеттің қасиеті ұшан-теңіз. Ол адам баласының ой-санасын өсіріп, дүниеге, тіршілікке көзқарасын мүлде өзгертеді. Жазушының әр шығармасындағы кейіпкер бойынан табылатын қасиеттер оқырманды терең ойға жетелейді. Жастардың өз ойларын іркілместен ортаға салып, кітап оқу мәдениетін терең менгергенін көру жүрекке қуаныш ұялатады. Семинар соңында ұтқыр ойларымен көзге түскен оқырмандар «Болашақ сыншы», «Болашақ қытайтанушы», «Үздік оқырман», «Парасатты оқырман» номинациялары бойынша сертификаттармен марапатталды.

Аида КЕНЖЕБАЕВА,
қытайтану кафедрасының доценті;
Гайша АБАИЛДАЕВА,
1-курс магистранты

Үміт сәулесі

«Өмір – теңіз» деген екен бір ғұлама. Сол теңіз сенің арман-тілегіңнің орындалуына бірде ыңғай жасаса, бірде күтпеген жерден пайда болған дауылдың әсерінен сені ойламаған қиындықтарға жолықтыруы мүмкін. Бұл – өмір заңдылығының сыры. Адамзат осы мәңгілік тылсым дүниенің қонағы екені ақиқат. Сондықтан айналамыздағы адамдарға тең көзқараспен қарап, сүрінгенге қолдау жасап, талаптының еңбегін бағалай білгеніміз абзал. Дұрыс қоғам болып қалудың тірегі – бейбіт те берекелі өмір кешу. Оны қалыптастыратын және сақтайтын адамдардың бір-біріне жасаған ізгілікті қарым-қатынасы.

Әлемнің екінші ұстазы атанған Әл-Фараби ғұлама «Қайырымды қала» еңбегінде де ізгілікті қарым-қатынас орнату арқылы қоғамға тиімді әлеуметтік топтар қалыптасатындығын тұжырымдаған болатын. Қазіргі қоғамға дейін құндылығын жоймай сақталған Конфуцийдің «Өзіңе жасағанды қаламайтын істі, сен өзеге де жасама» деген даналық идеясының астарында фиолософиялық мән жатыр. Бұл да ізгілікті қарым-қатынасты қалыптастырудың бір тетігі. Осы тұрғыдан алғанда әрбір жеке

тұлға тек өзін ғана ойлаумен шектелмеу керек. Сәйкесінше, жастарды қоғамдық іс-шараларға тартудың маңыздылығы зор. Мұны әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұжымы тереңінен түсінеді. Сөзіме қара шаңырағымыздың әрбір факультетінде жұмыс істеп жатқан белсенді студенттерден құрылған ұйымдар дәлел бола алады. Олар: «Жас Отан» жастар қанаты, «Сұңқар» ұйымы, «Сенат», «Студенттер кеңесі», «Көмек» еріктілер ұйымы, т.б. Олардың қатарында «Үміт сәулесі» клубы да бар. Осы клубтың мүшесі ретінде мен

жылдық жоспарға сай түрлі жұмыстарды жүзеге асыруға атсалысамын. Атап өтсек, «Үміт сәулесі» еріктілер клубының мүшелері университеттің 80 жылдық мерейтойына орай «Университетім – менің мақтанышым» атты мерекелік кеш өткізді. Кеште студенттер ән шырқап, би биледі, сондай-ақ университетке деген сүйіспеншіліктерін өлеңдері арқылы білдірді.

Сонымен қатар студенттер «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы бойынша кездесулер ұйымдастырып, Қарттар күніне арнап «Қарттарым – асыл қазынам» атты мерекелік кеш өткізді. Студенттер қарттар үйін пана еткен, өмірден көп нәрсені көкейге түйген қарттарымызға мерекелік көңіл-күй сыйлауды, сәл болса да жүректерін сан мындаған ойлардан арылтуды мақсат етті.

Біз бірлесіп топпен жұмыс жасауды үйрендік. «Үміт сәулесі» клубының барлық мүшелері Алматы қаласының №2 балалар үйіне барып, «Балалар бақыты» тренингтік іс-шарасын ұйымдастырды. Бүлдіршіндердің логикасын, ой ұшқырлығын дамытатын түрлі тренингтік

жаттығулар жасатты. Ондағы балалар түгелдей тренингтер мен ойындарға жарыса қатысты. Олар өздерінің өнерден де құралақан емес екендіктерін көрсетті. Қара домалақ қазақ баласы домбырада күй ойнап, ән шырқады, би де биледі. Міне, осылай «әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының белсенді студенттерінен құралған «Үміт сәулесі» клубының мүшелері өз жұмыстарын игілікті істерге арнайды. Көңіліне реніш ұялаған, жанарын мұң шалған жандардың өмірге деген қызығушылықтарын оятып, үміт сәулесін сыйлау – олардың басты ұстанымы. «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген қағида жүректеріне берік орнаған. Демек, жалпы адамзаттық құндылықтарды сақтай отырып, өз елімізге, қоғамымызға, айналымызға жанашырлықпен, ізгілікпен қарым-қатынас жасасак, бізден асқан берекелі ел болмас еді.

П.Т. АБДУЛЛАЕВА,
педагогика және білім беру
кафедрасының аға оқытушысы;
Ұ. МҮТӘЛП,
2-курс студенті

ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының «Ашық есік күні» өтті

Дастан Қастай

1997 жылы Алматы облысы Сарқан ауданы Қарауылтөбе ауылында дүниеге келген. Алғашқы өлеңдері республикалық «Ақ желкен» журналында жарық көрген. Бүгінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінің 1-курс студенті.



САРҚАН ТАУЛАРЫ!

Бабамның қойнауыңда жасы қалған,
Етегің кең жазира,
басың — арман.
Кірпігің мұз бен құзға боялады
Астыңда ерке өзеннен тасығанда ән.

Самалың ерніменен тиіп те алып,
Құшады самайымды сүйіп барып.
Мәңгі мұң құрсауында шыршаларың,
Өрлейді ұланыңдай биікке анық.

Бойыңа бойлай алмай онша батып,
Мұз қарып, қарағайлар тоңса да түп.
Сенің суықтығыңа қарамастан,
Жатар өзен аспанға моншақ атып.

Киіктерің көсілер кербең қағып,
Тау тұлғалы кермиық кеудеңде алып.

Бұлттарыңда төгеді моншақ жырлар,
Жомарттығы жұғымсыз елден дарып.

Сенсіз салған өмірде жоқ бір әнім,
Күдіретіңнің күші алып, соқты бәрін.
Қалай ғана айтшы өзің басылады,
Саған деген лаулаған от-құмарым.

Салады әсем таудың көркі нені?
Жаныма желеу болса жер-күн емі,
Сағынышым өзіне —
Алматыда
Күннен-күнге өршіп еді!

Сағындым сені, ауылым!
Нұрыңның өртеп мені ұшқындары,
Сағындым сенде өткерген келте күнді.
Жырымның татып көрсен, қышқыл дәмі
Ауылым, сен секілді!

Секілді де жомарттау қылықтарым,
Шексіз шынар санасаң жер бетінде ең.
Менің болмыс-бітімім, ғұрыпта мың,
Сенің ғана алдыңда тербетілген!

Сенде туған ұланың асыл, дарын,
Кеңдігің бар мен құштар қиял ескен.
Қасиетіңе масайған ғасырларым,
О бастан-ақ өзіңмен қияда өскем!

АЖАРҒА ХАТ!

Өміріме құс-қанат жыр үшін кеп,
Бір бәйшешек болдыңыз гүл үшін бек.
Сездірдіңіз айтпай-ақ асылында,
Бүйтіп өмір сүргенің құрысын деп!

Жағарым жоқ өзгеге, жасырын дер,
Алшы түспес таныса асығымды ел.
Алты әлемнің астауын ай қылса да
Туған жерге тартады-ау асылында ер!

Әпке сенің
Жамандықтан жанарың кенде ме ада?
Жақсылықпен жүрегің кең бе, дара.
Мен іздейтін әйтеуір бір жылылық!
Еш қай жерден таппаған сенде ғана!

Сұрасаңыз,
Жырым менің — жалғызым, мұрат құрар
Тарға кеңдік бермейді бірақ бұлар.
«Жағдайың қалай өзі», — деп өмірде,
Болғаның қандай жақсы сұрап тұрар!

Дайындаған **Ә.А.ӘЛІМ**

СТИПЕНДИАТ - ЗВУЧИТ ГОРДО!

Ежегодно Фонд Первого Президента РК – Лидера Нации проводит конкурсы на соискание стипендий и грантов для реализации творческого проекта. Недавно состоялось мероприятие по случаю награждения победителей такого конкурса. В числе победителей – студентка 3 курса юридического факультета КазНУ Молдир Мамытхан.

Запериодобучения она зарекомендовала себя с положительной стороны, как ответственная, целеустремленная, инициативная студентка. Молдир является старостой группы, обладает отличными организаторскими способностями. М. Мамытхан требовательна и к себе, много времени уделяет самообразованию, совершенствованию полученных знаний и применению их на практике, уделяет занятию научной деятельностью. Она принимает активное участие в общественной жизни факультета, является членом студенческих клубов «Союз ради прогресса» и «Перспективы правового регулирования социально-трудовых отношений в Обществе Всеобщего труда». Активно участвует в научно-исследовательской деятельности университета, не упускает возможностей выступления на всех научных конференциях с докладами, имеет достаточное количество научных статей опубликованных в республиканских и международных сборниках.

Руководство юридического факультета, коллектив кафедры теории и истории государства и права, конституционного и административного права поздравляют Молдир с присуждением высокой стипендии.

Д.А.ОСПАНОВА,
зам. зав. кафедрой теории и истории государства и права, конституционного

Черлидинг – это зрелищный вид спорта, который включает в себя танцы, акробатику и гимнастику. Он зародился в США ещё в 1870-е годы, а сейчас популярен во всем мире. На сегодняшний день в Казахстане черлидинг развивается как в крупных городах, так и в регионах.

**ВПЕРЕД,
ЧЕРЛИДЕРЫ!**

Только в Алматы существует более 64 команд и более 20 команд в регионах. Новая команда черлидинга сформировалась и в нашем университете, она базируется на кафедре физической культуры и спорта, идею создания которой поддержал заведующий кафедрой А. И. Арешенко. Основателем и тренером команды является студентка 2 курса факультета журналистики Кымбат Бектай. Команда называется «Rampage», что в переводе с английского означает «буйство». В ней 18 черлидеров: 6 мальчиков и 12 девочек, многие из них принимают активное участие в общественной жизни университета. Хотя команда существует всего два месяца, но уже успела проявить себя на первом международном чемпионате Европы и Азии по черлидингу, который прошел недавно в спорткомплексе «Достык». Наши черлидеры продемонстрировали отличное шоу с построением пирамид и танцами. Где единение, там и победа. «Rampage» стала бронзовым призёром этого чемпионата. Это только первое соревнование, все лучшее еще впереди. Желаем успехов и новых побед команде!

Жанерке КАМИЛАТ,
студентка 1 курса
факультета журналистики

РЕКТОРАТ КАУІПСІЗДІГІН КҮЗЕТКЕН

ҚазҰУ атауы естілгенде, ең алғаш көз алдыңызға Алатаумен үндесіп биікке құлаш ұрған ректорат елестейді. Он бес қабаттық бас ғимарат – қалашықтың жүрегі, тамыры іспетті. Бас ғимаратта университеттің білім-ғылымынан бастап, қалашықтың өндірістік-шарушалық жұмысына дейінгі барлық департамент құрылымы орналасқаны белгілі.

Бірегей қалашықты тізгіндеп отырған ректорат ғимаратының қауіпсіздігін қадағалау да оңай шаруа емес. Тек өз ісінің шынайы, тиянақты мамандары ғана бұл іске жауапты. Қалашықтағы қауіпсіздік қызметі басшылығының да осы төрт азаматты ректорат күзетіне қоюы тектен-тек болмаса керек.

Қауіпсіздік саласының қырағы бұл азаматтарын қалашық танымауы мүмкін емес. Бас ғимаратқа кірген әрбір студент, оқытушы, тіпті басшылықтың өзі осы азаматтардың тексеру қауіпсіздігінен өтеді. Қала берді, университетпен әріптестік орнатқан шетелдік университеттер өкілдері, белгілі қонақтарды күтіп алу, шығарып салу шараларында да осы азаматтар қауіпсіздік қызметінде аса сақ.

Саят Оразбаевтың бұл қызметте жүргеніне он бір жылдан аса уақыт өтсе, Жасұлан Оразовқа тоғыз жыл



болған. Мұратбек Елеусізов пен Азамат Иргежеловтің қызмет еткеніне төрт жылдан аса уақыт болған. Ректорат қауіпсіздігі қызметкерлерінің қай-қайсысы болса да, өз ісінде тәжірибесі мол майталман. Есіктен кірген әрбір қонақтың сыртқа шыққанына дейінгі тәртібіне

жауапты бұл жандардың еңбектері өлшеусіз. Қызметке деген адалдық, тәртіп, жауапкершілік – олардың басты қағидасы. Олар осы міндеттің үлкен салмағын күн сайын көтеріп жүрген, өз саласының сабырлы жандары.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

Университетіммен мақтанам!

Елімізде ойып тұрып орын алар, әлемдік аренада да өзіндік қолтаңбасы бар, терең тарихы бар, атақты да танымал түлектер ордасы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – біздің мақтанышымыз! Жоғары оқу орнына түскенімізге небәрі 4 ай болса да, университетіміз жүрегімізден орын алып үлгерді. Оның ішінде халықаралық қатынастар факультеті бір төбе. Қазақстанның ғана емес, сонымен бірге шет елдердің тарихын, құқығын, тілін, саясатын және экономикасын оқитын еліміздің алғыр студенттері осында жиналған.



Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ (фото)

Біз «Әлемдік экономика» мамандығында оқимыз. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Еліміздің болашағы – жастардың қолында» дегеніндей, келешекте Қазақстан Республикасының экономикасын өзге елдермен салыстыра отырып жақсартуға біздің мамандықтағы шәкірттер орасан зор үлес қосады деп сенеміз. Бұл жаңадан еніп жатқан мамандықтардың бірі болып есептеледі. Экономика маманы қандай болу керек, экономика деген не, ол қайдан бастау алған, тағы да басқа көптеген сұрақтармен жаңадан танысып, экономика ғылымына

алғашқы қадамымызды бастадық.

Біздің университетімізде сабақтар өте қызықты өтеді. Болашақта өз ісіміздің өте жақсы маманы болу үшін оқып жатқан мамандығымыздың сырларын, терең тарихын білуіміз қажет. Сол максатта оқытушыларымыз тек сабақтар өтіп қана қоймай, университетіміздің түрлі бағдарламалары бойынша қызықты да пайдалы ойындар, пікірталастар, әр түрлі экскурсиялар ұйымдастырады. Мысалы, «Айналанды нұрландыр» жобасы

шеңберінде «Әлемдік экономика тарихы» атты пәнімізден Қазақстанның Орталық мұражайына саяхат жасадық. Көптеген елде болып жатқан оқиғалармен танысып қана қоймай, солардың бір куәгері ретінде әсер алдық.

Мөлдір АЙТҚАЗЫЕВА,
Әсел ИБРАГИМ,

«Әлемдік экономика» мамандығының
1-курс студенттері;
Жетекшісі А.О. ОҢДАШ

Проблема лишнего веса стала вполне привычной для современного человека. Это явление поистине можно назвать эпидемией 21 века. А вся проблема в неправильном образе жизни, который ведет большинство из современных людей. По данным Всемирной Организации Здравоохранения за последние 20 лет общий избыточный вес населения земного шара вырос в 3 раза и достиг угрожающих цифр. По последним данным 1 из 3 взрослых людей в мире страдает избыточным весом и 1 из 10 страдает ожирением.

Что такое ожирение и чем оно опасно?

Ожирение — это хроническое заболевание, которое проявляется в постоянном накоплении жировой ткани в организме. Этот процесс не единовременный, а постепенный. Современный человек тратит гораздо меньше физической энергии, чем его предки даже 100 лет назад и ест гораздо больше, чем требуется организму.

Врачи-диетологи составляют различные перечни вредных для здоровья блюд и продуктов. Наиболее опасны: сладкие газированные напитки; картофельные чипсы, особенно приготовленные не из цельной картошки, а из пюре, сюда же стоит отнести и картофель-фри; сладкие батончики типа «Сникерса», «Марса» и т.д., в которых сочетание большого количества сахара и различных химических добавок обеспечивает высочайшую калорийность; сосиски, сардельки, колбасы, паштеты и другие продукты с так называемыми скрытыми жирами; жирные сорта мяса, особенно в жареном виде.

Как известно, бороться с проблемой намного сложнее, чем ее предотвратить. Поэтому стоит определить основные методы, которые помогут избежать неприятного заболевания. Первоначально, это — умеренность в еде, своевременное лечение нарушений обмена веществ, приводящих к избыточному весу. Питание должно соответствовать энергетическим затратам, т. е. профессии и образу жизни человека. Чем больше будет активность, тем менее вероятно отложение жиров. Во-вторых, это занятие спортом или просто активный образ жизни. В занятиях спортом полезно обратить внимание на бег, плавание, активные игры, во время которых задействованы все группы мышц. Помните, ожирение не фатальная неизбежность человека, а его слабость и безответственное отношение к собственному организму. Ваше здоровье и полноценная жизнь в ваших руках!

Г. А. ТУСУПБЕКОВА,
Л. Б. УМБЕТЬЯРОВА,
к. м. н., ст. преподаватели
кафедры биофизики и биомедицины

ӨЗ АҒАҒА АРНАЛҒАН ӘДЕБИ КЕШ

Жалғасы. Басы 1-бетте



Айта кетерлігі, бұған дейін байқау Алматы қаласының жастарын ғана қамтыса, биылғы жылы байқау республика көлемінде ұйымдастырылды. Осы жылы байқауға 90 үміткер қатысты. Республиканың 23 оқу орнынан тек қазақ тілінде 200-ден аса шығарма келсе, орыс тілінде 18 шығарма келіп түкен. Білікті сарапшылардан құралған қазылар алқасы бұл шағармалардың бәрін мұқият талдап, жеңімпаздарды анықтады. Бұл байқауда 6 шығарма үздік деп танылды. Әр орынға екі – біреуі прозалық, екіншісі поэзиялық

шығарма тандалды. Сондай-ақ, жүлделі орыннан басқа қатысушыларға «Жас ақын», «Жас қаламгер» номинациялары берілді.

Кешке қатысқан Абай атындағы ҚазҰПУ, Сүлейман Демирель атындағы қазақ-түрік университеті, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ, Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ, ҚазМемҚызПУ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ЖОО-ға

дейінгі білім беру факультеті, колледж және бейіндік мектеп оқытушылары мен студенттері көрнекті қаламгердің еңбектері туралы ой-толғаныстарымен бөлісіп, өздері шығарған өлең жолдарын оқыды.

Жыр кеші мен байқауға қатысушылардың бәріне сертификат пен Өз ағаның кітаптары сыйға тартылды. Қаламгердің отбасы бастамасымен ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің Ғылыми кеңесі «ҚР Халық жазушысы Ә. Нұршайықов атындағы жыл сайын берілетін шәкіртақыны» тағайындады.

Байқауға қатысқан жас ұрпақ Өз ағаның шығармаларына терең бойлап, көкіректеріне түйген сырларын шынайы көркемдеген. Байқау жеңімпаздары жазған эсселер мен өлеңдер <http://www.nurshai-hov.kz> сайтында жарияланатын болады. Олардың арасында болашақ қарасөз шеберлері, сөзін өлеңмен өрген болашақ ақындар кездеседі. Ендеше, сөзі көркем, ойы терең болашақ сөз өнері иелеріне ақ жол тілеп, игі бастамалар жалғаса берсін демекпіз.

А.Е. САДЕНОВА;
Г.Ә. МҰСАЕВА,

шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының оқытушылары

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Рүстем АБРАЕВ, Жұлдыз ӘБІЛ**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver-gazeti@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел: 2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана
Тапсырыс №967

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.